

А.К. Кайруллина*¹ , Г.И. Кушенова¹ ¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: ainur1984@mail.ru**БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ АҒА СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ****Андатпа**

Аталмыш мақалада 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес Орта жүз территориясында хандық билік жойылғаннан кейін алғашқы аға сұлтандардың билік тәжірибелері қарастырылған. Мақаланың мақсаты: "Сібір қырғыздары туралы Жарғы" негізінде хан билігі жойылғаннан кейінгі Орта жүз сұлтандарының билік тәжірибелерін талдау, басқару жүйесінің өзгеруін, Баянауыл сыртқы округінің қызметіндегі билердің рөлін анықтау және олардың Ресей империясының әкімшілік реформалары кезеңінде қазақ қоғамының мүдделерін қорғауға қосқан қоғамдық-саяси үлестерін бағалау. Жарғыда бекітілгендей лауазымды аға сұлтандар қызметіне ақсүйек тобына жататын төрелер сайланса, кейіннен патша әкімшілігі қарасүйек тобынан шыққан билерге үміт арта бастаған. Әсіресе, бұл үрдіс Орта жүз қазақтары руларын біріктірген Баянауыл сыртқы округінде жарқын көрініс тапқан еді. Зерттеу жұмысында Баянауыл сыртқы округін басқарушы шендердің, яғни Шоң би Едігеұлы, Шорман Күшіков, Қазанғап би Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов сияқты зиялы қауым өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі айқындалады. Мақаланың деректік негізін архивтік құжаттар, тарихи фольклор мен бұрын жарық көрген материалдар құрайды. Жарияланған материалдар мен архив құжаттары негізінде бұл тарихи үрдіске байланысты саяси және әлеуметтік оқиғаларға сараптама жасалынды. Ауызша және жазбаша деректерге негізделе отырып, Баянауыл округін басқарушы билер өз заманының парасатты да, сауатты да қайраткерлері болғаны, орыс тілін жетік меңгергені көрсетілді. Олар патша әкімшілігі шенеуніктерінің ерекше сенімді тұлғалары бола отырып, өз халқының қамын ойлап, мүддесін қорғап жүрген саяси тұлғалар болған. Округті билеуші аға сұлтандар тек қана белсенді саяси-азаматтық қызметпен қана айналыспай, қазақ этнографиясы мен мәдениетін зерттеу қызметін де дамытқан еді. Мақаланың хронологиялық шеңбері 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» енгізілуінен бастау алып, 1867-1868 жылдары Әкімшілік реформаның қабылдануына байланысты Баянауыл сыртқы округінің жойылуына әкелген уақытты қамтиды.

Негізгі сөздер: Орта жүз, жарғы, Баянауыл сыртқы округі, болыс, билер, аға сұлтан.

Кіріспе

XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде жүзеге асырылған қазақ қоғамындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тарихи маңыздылығын ұғыну үшін тарихта өшпес із қалдырған зиялы қауым өкілдерінің, оның ішінде Баянауыл округі аға сұлтандарының қоғамдық және мемлекеттік қызметін зерттеудің мәні зор.

Аталмыш мақаланың мақсаты Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы мен қызметінің тарихи шарттарын ескере отырып, округті басқарушы аға сұлтандардың мемлекеттік және қоғамдық қызметін зерделеу. Ресей империясында қызметте болған қазақ шендерінің қалыптасу тарихы көптеген зерттеулердің пәні болғанымен, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғының Баянауыл өңірінде жүзеге асырылуының өзіндік ерекшеліктері мен жергілікті басқарушылардың отарлы әкімшілікпен күрделі қарым-қатынасы тарихи тұрғыдан қызығушылық тудырады.

Қазақ қоғамында зиялылықтың үлгісін көрсеткен билер ерекше орын алғандығы белгілі. Билердің басты қызметі ел бірлігін сақтау, дау-дамайларды өршітпей шешу, әділ төрелік ету болған. Яғни халықтың қоғамдық өмірін бақылаушы мемлекет қайраткерлері еді. XIX ғасырда қазақ халқы арасынан өзіндік азаматтық ұстанымы бар, қоғамдық және мемлекеттік істерге белсенді араласқан алғашқы қайраткерлер шыға бастады. Елдің елдігін сақтау, жақсылыққа деген құштарлық, өнеге мен білімге талпыныс Баянауыл өңірінің зиялылары Шоң мен Шорман билер заманында қалыптасып, одан бергі Мұса Шормановқа ұласқан. Аталмыш тұлғалардың болмысын зерттеу арқылы тұтастай бір ұлттың саяси, мәдени болмысы анықталатыны сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Соңғы уақытта тарих ғылымының методологиялық базасы кеңейтіліп, бірқатар әдіс-тәсілдердің негізінде зерттеудің жаңа бағыттары қалыптасып келеді. Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізін тарихи-саяси үрдістерді зерттеуге бағытталған жалпы ғылыми принциптер, яғни тарихи принцип пен объективтілік принципі құрайды. Тарихи принцип белгілі бір кезеңде және белгілі аймақта болған тарихи оқиғалардың ықпалының арқасында туындаған үрдістерді зерттеуде негізге алынып отыр. Ал объективтілік принципі ХІХ ғасырдың І-жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-территориялық және қоғамдық-саяси жағдайының негізгі аспектілері мен ерекшеліктерін зерттеу барысында жарияланған деректер мен архив құжаттарының рөлін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Мақаланың деректік негізін архивтік құжаттар, тарихи фольклор мен бұрын жарық көрген материалдар, оның ішінде орыс интеллигенциясы арасынан қазақ даласын зерттеуші саяхатшылардың жазбалары мен естеліктері, экспедиция есептері сияқты тұлғалардың жеке деректері құрайды.

Зерттеу жұмысының жазылуы барысында Омбы облысының мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 338 (Омское областное правление), 345 (Областное управление сибирскими киргизами), 374 (Пограничное управление сибирскими киргизами) қорларымен жұмыс жүргізіліп, Баянауыл сыртқы округін басқарған аға сұлтандардың қызметіне қатысты табылған мәліметтер негізінде тұлғалардың болмысын және олардың қоғамдық-саяси портретін анықтауда кешенді жүйелеу мен тарихи сараптау әдістері пайдаланылды. Осылайша, зерттеудің негізгі қолданбалы әдістері – сипаттау, жүйелеу, тарихи салыстырмалы, хронологиялық әдістері қолданылған. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округі аға сұлтандарының билік тәжірибелерін зерттеу барысында кең талдау жасалынған.

Нәтижелер және оларды талқылау

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес Қазақ даласында хандық биліктің жойылуына байланысты патша үкіметі әкімшілік басқарудың жаңа формасын, яғни байырғы заманнан қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесінің орнына аймақтық және болыстық жүйені енгізген. Сыртқы округтік приказды басқарушы болып аға сұлтан тағайындалып, орыс үкіметі атынан жергілікті басқаруды атқарушы земстволық шенеунік мәртебесіне ие болған. Рангтер жөніндегі табельге сәйкес аға сұлтандар VIII классқа жатқызылып, майор шенін иеленген. 1822 жылғы Жарғыға сәйкес аға сұлтандар 3 жылдық мерзімге сайланған, ал қайта сайланған жағдайда «Ресей империясының дворяны» атты диплом берілген [1]. Әкімшілік жергілікті басқаруды төре тұқымынан шыққан сұлтандар жүзеге асырған еді, бірақ та халық ел арасында беделі бар қарасүйек арасынан шыққан билерді де басқару жүйесіне ұсынып отырған.

Осындай өз заманының зиялы билеушілерінің бірі-Баянауыл сыртқы округінің бірінші аға сұлтаны орта жүздің Арғын ішіндегі Сүйіндік-Айдабол руынан шыққан Шоң би Едігеұлы. Оның әкесі белгілі Едіге би Төлебайұлы. Демек, Шоңның басына қонған би атағы арғы аталарынан ұласқан мұрагерлік атақ.

«Сібір қырғыздары туралы жарғының» негізінде 1833 жылы қазақ даласында Баянауыл сыртқы округі ашылды. Округтің ашылуына байланысты аға сұлтан қызметіне қызу күрес басталды. Жарғыға сәйкес аға сұлтандар тек төре тұқымынан сайлануы керек болды. Халық екі топқа бөлініп, біреулері Сұлтанбеттің ұрпағы сұлтан Бопы Татеновты жақтаса, екіншілері би Шоң Едігеұлын қолдаған.

Аталмыш даудың шешілу жолын Сібір корпусының командирі Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған хаты сияқты тарихи деректерден көре аламыз: «Баянауыл маңындағы Төртуыл болысында халық арасында беделді билер-капитан Чон Идыгин мен Чорман Кучуков орналасқан жерлерде Баянауыл сыртқы округін ашу. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болып би, капитан Чон Идыгин, ал заседательдері Сахновский, Туханович; қырғыздан Бостай Тұрсынбаев пен Бердалы Қазанғапов тағайындалған» [2].

Сонымен қатар бұл оқиғаны сипаттаушы архивтік құжатқа негізделетін болсақ, корпусық командирдің Омбы облыстық басшыға хабарламасында: «Баянауыл округтық приказын басқаруға аға сұлтан қызметіне би Чон Идыгин мен қырғыздар атынан

заседательдер ретінде поручик Боштай Турсунбаев пен аға прапорщик Бердулу Казангаповты ұсынамын», - деп жазылған [3].

Осылайша, Баянауыл жұрты патша жарлығына қарамастан, қара қазақтан шыққан Шоң мен Шорманды аға сұлтан қызметіне сайлатады. Негізі Баянауыл жерінде төрелердің беделі аса жоғары болмады. Бұл туралы белгілі ғалым, этнограф Шоқан Уалиханов былай жазады: «Қазақтың басқа руларына қарағанда Баянауыл округына қарасты руларға төрелер ықпал жүргізе алмады. Өйткені бұларды өте күшті ру басылары – билер басқарды. Халық арасынан әсіресе айдабол биі Шоң мен қаржас биі Шорман аты кең тараған еді» [4]. Кейіннен орыс үкіметі сұлтандардың қазақ даласында толық қанды билігі жоқ және орыс саясатын жүзеге асыруға жетекшілік ете алмайтындығына көзі жетеді. Бірақ та бұл кезеңде қарасүйек өкілі басқару қызметінің деңгейіне әлі жетпеген деп саналған еді. Дегенмен, Шоң би өзінің ақылдығы мен кемеңгерлігінің, атқарған істерінің нәтижелілігінің арқасында қазақ қоғамының өкілдері өз-өзін басқара алатындығын империяға дәлелдеген.

Шоң мен Шорман билер қазақ халқының ертеңін патша үкіметімен қарым-қатынас орнатып, орыстармен жақын болудан көрген. Отырықшы өмір салтына көшудің маңыздылығын ұғынып, Орта жүз даласында орталықтар құрылысы қажетті екендігін түсінген. Ол отырықшы өмір салтын жүргізбей, жер өңдеумен айналысу, қолөнердің әртүрлі бағыттарын дамыту, сонымен қатар тіпті білім алу мүмкін емес екендігін түсініп, патша үкіметімен бірлесе отырып, Баянауыл сыртқы округін қалыптастырған. Алайда, Ресей үкіметіне қызмет атқарып жатқанына қарамастан, Шоң би өз халқының мүддесін жоғары қойған. Тіпті басқаларға қарағанда өз жұртының қажеттіліктері мен мұңың жақсы білген.

Шоң Едігеұлының аға сұлтандық кездегі қызметін қазақ қоғамының тұрақтылығын сақтауға бағытталған шебер басқарудың мысалы ретінде келтіруге болады. Өз ұлтына деген жаңашырлық әсіресе қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы өршіп тұрған кезеңде көрініс тапқан. Шоң би ағасы Торайғыр Едігеұлымен бірге Саржан Қасымов бастаған көтерілісті қолдағаны жайлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде айтылған еді. М. Көпейұлының жазбаларында: «Уәлі 1822 жылы 105-тен 106-ға қараған шағында өлді. Сүйегі Көкшетаудың даласында қалды. Оның орнына үлкен баласы Ғұбайдолла хан болды. Бұл кезде қазақ орысқа қарап қалған. Ғұбайдолланы заңономызды бұздың, өзінді өзі хан сайлап алғансын деп, сотқа тартып, қасына Шоң бидің інісі Торайғыр биді қосып, итжекенге айдатты. Шоң Торайғыр биді сауға беріп босатып алған көрінеді», - делінген [5].

Аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтап қалу үшін Шоң би Ресей империясымен қатар қытайлық және Бұхара билеушілерімен қарым-қатынасын жақсартуға тырысқан. Ол жөнінде деректерді патша әскерінің генерал-майоры Семен Броневский «О казахах Средней Орды» атты еңбегінде жазған: «Орыстар Баянауылға сиыр жылы жаңа бекініс салу мақсатымен келген. Сол жылы осындай ниетпен 10 шақты қытай келеді. Олардың арасында дау туады. Бұл Абайдилда-хан мен Шоң мен Торайғыр билердің тұсында болады. Бұл кезде халық жазғы жайлауда болған...» [6].

Ал архив құжаттарында «1825 жылдың 28 наурызында би Шон Едигин белгісіз себептермен Тортула мен Қозған болысынан Бұхара иелігіне көшпек болды» деп айқындалған [7]. Бұл шешім отарлау саясатының күшеюіне байланысты қабылданғаны анық. 1824-1825 жылғы қыс жылы болғандықтан, қазақтар қыстың аяқталуын күтпей, қыстауларын босатып, өзен жағаларына көше бастаған еді. Штаб офицерлерінің есептерінде қазақтардың бұл әрекетіне бидің ықпалы бар, яғни «форпостта жиналған отряд тарапынан қауіп көрген би Чон мен оның ағасы Торайғырдың ықпалының арқасында» деп түсіндіріледі [8]. Аталмыш деректер Шоң би Едігеұлы өз халқы үшін қызмет етіп, белсенді қоғамдық-саяси қызмет жүргізгенін көрсетеді.

1835 жылы Шоңның өлімінен кейін Баянауыл округі аға сұлтанының міндетін Шорман би атқарады. Омбы әкімшілігімен келісе отырып, округтық диван сайлауды 1836 жылдың 12 сәуіріне тағайындайды, сайлаушылардың көбі келмегеніне қарамастан сайлау нәтижесі бұрмаланып, Итемген Шопанов аға сұлтан болып сайланады. Бұл заңсыз шараға 41 адамнан тұрған жергілікті сұлтандар, билер, болыс басқарушылары мен ауыл

старшиналары қарсылық білдіріп, 1836 жылы 16 сәуірде Батыс Сібір генерал-губернаторына П.Д. Горчаковқа жазған хатында: «Айта кетейік, колллежді ассессор Нагибин округтік диуаннан бөлек, өзінің үйінде арнаулы ақсақалдармен бірге Итемген Шопановты сайлау туралы үкім жазып, оған мүлдем қатыспаған старшындардың таңбаларын тіркеген, содан кейін бұл үкім жоғары билікке жіберілді. Біз 12 сәуірде дәл белгіленген уақытта келіп, оның қатысуымен тағы да сайлау өткіздік, барлық сұлтандар, болыс басшылары, билер мен старшындар бірауыздан би Шорман Кучуковты аға сұлтан ретінде сайлады, ол қазір осы қызметті атқаруда және ресейлік капитан болып келеді. Ол біздің таңдауымыз, оған қоса кандидат ретінде сұлтан, сот кеңесшісі Али Көкшалов болды, себебі Шорман сұлтандар тегінен шықпаса да, ресейлік капитан дәрежесіне және халықтың құрметіне ие тұлға, би қырғыздардың ісін жақсы біліп, әділдікпен шешіп отыратындықтан, біз сұлтан болмаса да, мейірбандығы мен әділдігі үшін оған құрмет көрсетіп, Кучуковқа бұл атақты беріп отырмыз. Біздің бірауыздан қабылданған шешімізге сәйкес, Жоғары мәртебелі, Шорман Кучуковты аға сұлтан дәрежесіне бекітуіңізді шын жүректен сұраймыз», - деп мәлімдейді [9].

Аталмыш құжатқа қол қойғандардың ішінде Күлеке-Қаржас болысының басқарушысы 18 жасар Мұса Шорманов та бар. 1836 жылы аға сұлтан болып тағайындалған Шорман би ел басқаруда Шоң бидің жүргізген бағытын ұстанған. Әкесі Шорманның ісін әрі қарай 14 жыл бойы Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған Мұса Шорманов жалғастырады.

Мұса Шорманов өмірінің ең маңызды кезеңдерінің бірі Баянауыл сыртқы округін басқарып, 1854-1868 жылдар аралығындағы аға сұлтан қызметін атқарған уақыт еді. Төре Қанқожа Татеновтың Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны қызметіндегі міндеттерін орындаудың үш жылдық мерзімінің аяқталуына байланысты Мұса Шормановтың кандидатурасы ұсынылып, 1854 жылдың 15-тамызында өткен округтық съезде Мұса Шорманов Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болып сайланды.

Өткізілген сайлаудың негізінде 1854 жылдың 1-қыркүйегінде жүздік Мұса Шорманов Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.С. Гасфорттың жарғысымен аға сұлтан болып бекітіледі. Әр аға сұлтанға алтындатылған қылыш, ту, қызметтік атақты растайтын грамота берілген. Оларға жұмыс ақысы ретінде айына күміспен 100 рубль және жылына 60 қапшық кара бидай ұны төленген.

1855 жылдың ақпанында патша II Александрдың таққа отыруына байланысты Баянауыл округының билері мен болыс басқарушылары Сібір қазақтары аймағының әскери губернаторына император II Александрды құттықтау үшін округтен делегаттарды жіберу туралы хат жазған.

Мұса Шорманов II Александрдың тәж кию рәсіміне қатысқаны жөніндегі ақпарат Г.Н. Потаниннің жазған хаттарында да айқындалған: «II Александрдің тәж кию рәсіміне әртүрлі ұлттардың өкілдері кірген депутаттардың құрамында Муса Чорманов деген батыс Сібірдің қырғызы болды, өзі ақылды және байқағыш адам» [10].

1856 жылдың наурызында Санкт-Петербург қаласына императордың тәж кию рәсіміне сегіз адамнан тұратын Сібір қазақтары аймағынан депутация келеді, оның құрамында Мұса Шорманов, халық композиторы Тәттімбет Қазанғапов, Сібір қазақтары Облыстық басқармасының кеңесшісі Шыңғыс Валиханов, Ақмола округтық приказының аға сұлтаны Ибрагим Жайықбаев, сұлтан Беғалы, Баянауыл округтық приказының қосшы биі Секербай Малгелдин, Ақмола округі Әлеке-Байдалы болысының басшысы Аққошқар Кішкентаев, Көкшетау округінің биі Шобек Байсарин болды.

1856 жылдың 23-наурызында Мұса Шорманов пен депутацияның басқа мүшелерін император Александр II қабылдады. Бұл жөнінде Ресей Ішкі істер министрінің Сібір комитетін басқарушыға бағытталған хатында: «Бұл делегацияның құрамына Санкт-Петербургте әлі болмаған, үкіметке ерекше адал, ең құрметті қырғыздардан Жоғарғы өсиет бойынша 8 адам сайланған. Олардың қатарында Сібір қырғыздары өлкелік басқармасының аудармашысы, титулдық кеңесші Добшинский бар. Оларды марапаттау жөнінде генерал-губернатор Ғ.Х. Гасфорттың өтініші Ішкі істер министрлігінде жоқ. Депутацияның

құрамындағы тұлғалардың атаулы тізімін 23 наурызда түстен кейін Ұлы Мәртебелімен таныстыруға ұсынып отырмын» [11].

Бірқатар архив құжаттары мен жазбалар Мұса Шормановтың бұл қызметтегі іс-әрекеттері отарлы езгіні әлсіретіп, халықтың игілігіне жасалғанын көрсетеді. Әрине, патша әкімшілігі отарлы саясатты жүзеге асыруда жергілікті аймақты басқару үшін аға сұлтан қызметін өзі қалыптастырған, бірақ та әкімшілік аппараттың тұрақты бақылауына қарамастан Мұса Шорманов жоғарыдағы билеушілердің саясатынан бөлек өз саясатын жүргізуге тырысқан. Қазақ қоғамындағы бұндай ерекшелікті М.И. Красовский былайша айқындап кеткен еді: «Қазақ даласында Ресейдің ресми әкімшілігімен қатар үкімет билігінің әрекетін бәсеңдететін немесе тоқтататын өзінің бейресми басқармасы бар» [12].

Мұса Шорманов халықтық саясат жүргізгені жөніндегі ақпаратты Омбы облысының мемлекеттік архивінде табылған құжаттардан көруге болады, мысалға Павлодар уезі Айдабол болысы қырғыздарының болыстық сұлтандардың жемқорлығы туралы хабарламасы жөніндегі құжатта: «Қозған-Тұлпар болысында губернаторлыққа кандидат Сатыгул Саудагареев қызметке халықтың сұрауы бойынша емес, ақшаның арқасында сайланды. Бұрын ол басқарушы болған және сол уақыттахалық одан көптеген шектеулер мен қысым көрді. Сол кезде аға сұлтан болған Мұса Шорманов оның әрекетін біліп, халықтың тыныштығы үшін қызметінен босатты», - деп жазылған [13].

Шын мәнінде, Мұса Шорманов бүкіл өмірін ел ауқытын жақсарту мен халық игілігін арттыруға арнаған. Мұса Шормановтың Омбыдағы қазақ мектептерінің ашылуына ат салысып, Баянауыл өңірінде тұратын қазақ балаларын оқуға жібергені белгілі. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Шормановтың баяндау хатынан үзіндіде: «Омбыда қырғыз ұлдарын оқыту үшін құрылып жатқан мектепте Баянауыл округінің кейбір құрметті адамдары өз балаларын орналастырғысы келеді, атап айтқанда: Кулюков болысының бастығы Итқара Исергемісовтың ұлы, Сатылған-Алтын Турин болысының меңгерушісі Худайберген Қуwandыковтың ұлы, Ақбура-Тұлпар-Көксал болысының биі Джуртугул Чомановтың ұлы, қырғыз жүзбасысы Секербай Малгелдиннің немере інісі және Жанғозы-Айдабол болысының басқарушысы Хусайын Бочтаевтың ағасы, сондықтан мен мектепті ашқан кезде жоғарыда аталған балаларды оған оқуға қабылдауыңызды сұраймын» [14].

Баянауыл сыртқы округін басқарумен қатар, мәдениет пен оқу - ағарту ісін дамыту, қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу қазақ халқының белгілі қайраткері Мұса Шормановтың негізгі қызметі болып саналған.

Елі мен жерін шын сүйген, халқына адал қызмет еткен аға сұлтандардың бірі – Қазанғап Сатыбалдыұлы. Өзі бәсентиін ішіндегі бөрі руынан болады. 1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап би Баянауыл сыртқы округін басқарған еді. Осы Баянауыл сыртқы округінің құрылуына 1820 жылдардың басында Қазанғап би үлкен септігін тигізген. Би Орта жүз территориясында алғашқы округтер қалыптаса бастаған кезеңде тек өзіне бағынышты бәсентиіндерді ғана емес, онымен көршілес буранаймандарды Баянауыл округінің құрамына кіруге көндірген. Бұл оқиғаға қатысты архив құжаттарында: «1826 года февраля 15 дня Туртугульской волости Бии и почетные киргизы дали свою подписку Каркаралинского приказа Начальнику военного отряда Сотнику Карбышеву въ томъ, что въ силу данной подписки сего года февраля 14 дня Управления нашей волостью Бию Чона Идигина Ему Господину Карбышеву и мы со своей стороны добровольному нашему согласию изъявили желание быть подъ покровительствомъ всемиловейшего великого государя и подъ управление предполагаемого открытия при Баянь ауле окружного Дивана, а вместо старшего султана во оной диванъ вышеподписанного Бия Чона Идигина, во уверение чего и прилагаемы свои тамги... Басентеинской волости капитан Казангап Сатыбалдин с старшими, почётными казахами все одобрили открытие в Баян-Ауле окружного дивана и все согласились быть под его управлением» деп жазылған. Аталмыш құжатқа Қазанғап би Сатыбалдыұлы 6-наурызда қол қойып, мөрін басқан [15].

Ел ішінде ірі рулар мен ұлыстарға әкімдік жасаған Қазанғап би мен Шоң бидің қызметінің нәтижесін өз есебінде 1830 жылдың көктемінде ант қабылдау үшін өңірге келген подполковник Леденевтің жазбаларында: «Шоң, Шорман билердің басшылығымен

төртуыл халқының келісімін алып, ресей үкіметіне Әл-Қоран алдында адал қызмет етеміз деген ант берілді. Антты 1500 үйден тұрған Шонның 15000 ауылы, Шорманның 2000 үйді қамтыған 125 ауылы, 4300 үйі бар Қазанғаптың 430 ауылы және сонымен қатар 21700 үйді қамтыған 2095 ауыл берген» [16].

Демек, Қазанғап бидің Баянауыл жерлерінде Қарқаралы округінен дербес бөлек округ ашуға жеткілікті үйлер санын қамтамасыз етіп, Баянауыл сыртқы округінің ашылуыны ұйытқы болған. Сол кезде Қазанғап биге бағынышты Бәсентиін руының бес болысының көңілінен шығу үшін Сібір әкімшілігінің қолдауымен оның баласы Бердәлі Баянауыл сыртқы округінің заседателі етіп сайланады. 1841 жылы Бердәлі Қазанғапұлы аталған округтің аға сұлтаны болып сайланды. Ал ол қайтыс болғаннан кейін бір жыл өткен соң, яғни 1841 жылы бұл қызметті Қазанғап Сатыбалдыұлының өзі алып, Баянауыл сыртқы округін 5 жыл бойы басқарады.

Орыс тілін жақсы білген Қазанғап Сатыбалдыұлы дала билері атынан патша үкіметімен тығыз қарым-қатынаста болып, қазақ халқының игілігін арттыруға бағытталған міндеттерді атқырып жүрген. Деректерге сүйенсек, мысалы, «Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген» деп айқындалған [17]. Көп жылдық еңбек қызметі үшін би Қазанғап Сатыбалдыұлы түрлі атақтармен, ерекше сыйлықтармен марапатталды. Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып Петербургке патшаның жеке аудиенциясына шақырылған биге старшина атағы беріліп, жыл сайын 50 сом мөлшерінде сыйақы бекітілді. 1810 жылы капитан шенін алды, 1817 жылы штаб офицері шенін иелене отырып, бас киімі бар шапан мен 500 рубль көлемінде күміспен марапатталды. 1833 жылы майор шенімен қатар көлемі 300 рубль болатын күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасындағы алтын медаль, 1844 жылы алтын жалатылған күміс тостағанның иегері атанды.

Баянауыл сыртқы округін басқарушы аға сұлтандардың қызметінде құрылуының басты екі ерекшелігін айта кететін жөн. Біріншіден, бұл – ата салтының бұзылуы болса, ал екіншіден империя патшасының 1822 жылғы жарғысының бұзылуы еді. «Жер төбесіз болмас, ел төресіз болмас» деген қазақ қауымы арасында белгілі мақал-мәтелге сай ғасырлар бойы биліктің тізгінін ұстау мүмкіндігі тек төреден сайланған тұлғаларға берілгені сияқты дала заңы қалыптасқаны белгілі. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» 30-31 баптарына сәйкес сыртқы округтің аға сұлтаны тек төрелерден ғана тағайындалуы тиіс. Бұндай қағиданың енгізілуі қазақ даласында хандық билік жойылған уақытта ел басқару ісінен шеттетіліп қалған сұлтандар мен бектер тарапынан наразылық тумас үшін жасалынған әрекет болған. Бірақ та Баянауыл сыртқы округін басқару жүйесінде қазақ тарихында бұрын болмаған жайттар орын алып, аға сұлтандық қызметке халық арасында беделдігі бар билер келеді.

«Павлодар уезі қазақтарының шежіресі» атты еңбекте Баянауыл округі аға сұлтандарының төмендегі тізімі келтірілген [18]:

Кесте 1 - «Павлодар уезі қазақтарының шежіресі» атты еңбекте Баянауыл округі аға сұлтандарының тізімі

Басқарушы аға-сұлтан	Округті басқару жылдары	Шығу тегі
Шон Едигин	1833-1836	Сүйіндік-Айдабол
Шорман Күшіков	1836-1837	Сүйіндік-Қаржас
Маман Абылаев	1837-1838	Төре
Бопы Татенов	1838-1840	Төре
Боштай Тұрсынов	1840-1841	Сүйіндік-Айдабол
Бердалы Қазанғапов	1841-1842	Бәсентиін-Бөрі
Қазанғап Сатыбалдиев	1843-1848	Бәсентиін-Бөрі
Әлі Көксалов	1848-1851	Төре
Қанқожа Тәтенов	1851-1853	Төре
Мұса Шорманов	1853-1868	Сүйіндік-Айдабол
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Аталмыш сыртқы округті басқарған тұлғалардың ішінде Шоң Едігеұлы, Шорман Кучуков, Боштай Тұрсынбаев, Қазанғап Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов сияқты дара да, дана қарасүйек өкілдерімен қатар, Бопы Татенов, Маман Абылаев, Қанқожа Татенов сияқты төре тұқымдары да басқарған. 35 жылдық тарихы бар Баянауыл сыртқы округінде алғашқы аға сұлтан Шоң биден бастап соңғы басқарушы Мұса Шормановға дейінгі аралықта аға сұлтандық қызметте 10 адам болған.

Қорытынды

XIX ғасырдың I жартысында Қазақстан аумағында әкімшілік-территориялық реформалардың жүргізілу кезеңінде Баянауыл-Ертіс өңірін үлкен абыроймен басқарып, Орта жүздің ірі руларына пана болған дара тұлғалардың қызметін объективті түрде бағалау қажет. Ресей империясының құрамына кіру жағдайында Шоң Едігеұлы мен Қазанғап Сатыбалдыұлының жүргізген белсенді қоғамдық-саяси қызметі мен қажымас еңбегінің арқасында Баянауыл өңірі әрі қарай дамып, өзіндік тарихи шарттары мен ерекшеліктері бар жеке әкімшілік құрылым болды.

Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтандары патша билігі бекіткен шенеуніктер ғана емес, қазақ даласы заңнамасына сәйкес, меритократиялық қағидаттарға негізделіп халықпен сайланған қайраткерлер. Бұл аймақта аға сұлтандардың билігі мықты болып, олар бекітілген округтарында өзіндік ішкі саясат жүргізген еді. Ал бұны тіпті империя шенеуніктері де мойындап кеткен. Мысалға, Батыс Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков 1986 жылы 29-қаңтарда Семей облысы әскери губернаторына жазған хатында: «ұзақ уақыт бойы орыс шенеуніктері жанында қосалқы рөл атқарған аға сұлтандардың билігіне бағынған қырғыздар еркіндікке үйренген», - деген [19].

Патша әкімшілігі енгізген аға сұлтандық басқару жүйесі қазақ халқын толығымен бағындырып, өз жұдырығында ұстай алмады. Қазақ даласы сыртқы округтарға, болыстарға бөлінгенімен, қазақтар өз мүддесін қорғап, өзін-өзі басқаруға тырысты [20].

Отандық тарихи зерттеулерде ел басқарған қазақ зиялыларының, оның ішінде қазақ өркениетінің дамуына өзіндік үлес қосқан Шоң би Едігеұлы, Қазанғап Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов секілді ұлы да, іспетті тұлғалардың рөлі зор. Осындай билеушілердің даналығы мен қамқорлығы арқасында халқымыз тарихымыздағы ауыр кезеңдердің бірін елеулі шығынсыз өтті. Белгілі тұлғалар тарихқа өзгеріс қана әкеп қоймай, сонымен қатар халықтың санасына да серпіліс, жаңа ой, жаңа көзқарас әкелген [21]. Қазақ халқы үшін еренбей еңбек еткен билер мен шендердің тұлғасы мен қызметін зерттеп, жастарға ұлы бабаларымыздың өсиеттерін жеткізіп, тәрбиелеудің маңызы зор.

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ИРН BR21882225 «Солтүстік Қазақстанның көне заманнан қазіргі заманға дейінгі тарихы» жобасының аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Алма-Ата: Издательство АН КазССР. – 1960. – 441 с.
- 2 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 90-п.
- 3 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 89-п.
- 4 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – Алма-Ата. – 1985. – Т.4. – 461 с.
- 5 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО. – 2013. – Т.6. – 520 б.
- 6 Броневский С.Б. О казахах Средней Орды. – Павлодар: ЭКО. – 2005. – 168 с.
- 7 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 409 – іс. 41-п.
- 8 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 409 – іс. 36-п.
- 9 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 92-п.
- 10 Потанин Г.Н. К характеристике Сибири. Литературное наследство Сибири. – Новосибирск: Западно-Сибирское книжное издательство. – 1986. – Т.7. – 171 с.
- 11 Жаксыбаев М. Муса Шорманов - царский полковник. Индустриальная Караганда. – 1990. – 18 ноябрь. – С.4-5.
- 12 Красовский М.И. Образ жизни казахов степных округов. – Павлодар: ЭКО. – 2005. – 288 с.
- 13 ОмОМА 3-қ. 8-т. 12769-іс. 62-п.

- 14 ҚР ОМА. 345-қ. 1-т. 529 – іс. 85-п.
 15 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 408 – іс. 18-19-п.
 16 Исабаев К. Жерімізді қорғаған, елімізді есейткен батыр Шоң би. Сарыарқа самалы. – 2002. – 20 қыркүйек. – 7 б.
 17 Елемесов Ә.Қ., Малғаждаров Қ.Ә. Қазанғап би Сатыбалдыұлы. – Павлодар: Кереку. – 2008. – 173 б.
 18 Инсебаев Т.А. Павлодар уезі қазақтарының шежіресі. – ПМУ. – 2005. – 214 с.
 19 ОмОМА 3-қ. 8-т. 12769-іс. 3-п.
 20 Adolf Januszkiewicz.(2010) Żywot Adolfa Januszkiewicza i jego listy ze stepów kirgizkich 1861. – Kessinger Publishing, LLC. – 582 p.
 21 Ian W. Campbell. (2017) Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731-1917. – Cornell University. – 273 p.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АГА СУЛТАНОВ БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА

Аннотация

В данной статье рассматриваются властные практики ага султанов Среднего жуза после отмены ханской власти вследствие принятия «Устава о сибирских киргизах» 1822 года. Цель статьи заключается в анализе властных практик ага султанов Среднего жуза после отмены ханской власти на основе «Устава о сибирских киргизах» для выявления трансформации системы управления, роли биев в деятельности Баянаульского внешнего округа и оценки их общественно-политического вклада в защиту интересов казахского общества в период административных реформ Российской империи. Согласно Уставу на должность ага султанов официально назначались представители сословия торе-чингизидов, однако позже царская администрация стала опираться на биев - представителей черной кости. Данная тенденция особенно ярко проявилась в Баянаульском внешнем округе, который объединил казахские роды Среднего жуза. В статье определяется общественно-политическая деятельность правящих чинов указанного округа, таких как Шон би Едигеулы, Шорман Кучиков, Казанғап би Сатыбалдыұлы и Муса Шорманов. Источниковой базой статьи являются архивные документы, материалы исторического фольклора и ранее опубликованные материалы. На основе опубликованных материалов и архивных документов был проведен анализ политических и социальных событий касательно данного исторического процесса. Устные и письменные источники доказывают, что бии, руководящие Баянаульским внешним округом, были мудрыми и образованными деятелями своего времени, в совершенстве владели русским языком. Будучи особо доверенными лицами чиновников царской администрации, они являлись политическими деятелями, которые заботились о своем народе и защищали его интересы. Старшие султаны, управлявшие округом, вели не только активную политическую и общественную деятельность, но и занимались исследованием казахской этнографии и культуры. Хронологические рамки статьи начинаются с введения в действие «Устава о сибирских киргизах» 1822 г. и включают время, приведшее к разрушению Баянаульского округа в связи с принятием административной реформы 1867-1868 гг.

Ключевые слова: Средний жуз, устав, Баянаульский внешний округ, волость, бии, старший султан

SOCIAL AND POLITICAL ACTIVITIES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S AGHA SULTANS

Abstract

This article is devoted to the power practices of the Middle Zhuz's agha sultans after the abolition of the khan's power, following the adoption of the "Charter on the Siberian Kirghiz" in 1822. The purpose of the article is to analyze the power practices of the Agha sultans of the Middle Zhuz after the abolition of Khan authority on the basis of the "Charter of the Siberian Kirgiz" in order to identify the transformation of the management system, the role of biys in the activities of the Bayanauli outer district and assess their socio-political contribution to the protection of the interests of Kazakh society during the administrative reforms of the Russian Empire. According to the Charter, representatives of the Tore-Chingizid class were officially appointed as agha sultans. Still, later, the tsarist administration began to rely on biys - representatives of the black bone. This trend was particularly pronounced in Bayanaul's outer district, which united the Kazakh clans of the Middle Zhuz. The article defines the socio-political activities of the ruling officials of the specified district, such as Shon bi Edigeuly, Shorman Kuchikov, Kazangap bi Satybaldyuly, and Musa Shormanov. The article's source base comprises archival documents, historical folklore materials, and previously published materials. Based on published materials and archival documents, an analysis of political and social events related to this historical process was conducted. Oral and written sources prove that the biys who ruled the Bayanaul outer district were wise and educated figures of their time, and were fluent in Russian. They were politicians who took care of their people and defended their interests, being especially trusted representatives of the officials of the tsarist administration. The senior sultans who ruled the district were not only active in political and

social life, but also engaged in research into Kazakh ethnography and culture. The article's chronological framework begins with the adoption of the "Charter on the Siberian Kyrgyz" in 1822. It extends to the period leading to the destruction of the Bayanaul district in connection with the administrative reform of 1867-1868.

Keywords: Middle Zhuz, Charter, Bayanaul outer district, district order, aga sultan, biy

REFERENCES

- 1 Materialy po istorii politicheskogo stroya Kazahstana [*Materials on the history of the political system of Kazakhstan*]. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR. 1960. T.1. 441 p. [in Russian]
- 2 Gosudarstvennyi arhiv Omskoi oblasti [*State Archive of the Omsk Region*]. F. 3. Op.12. D.17684. L.90 [in Russian]
- 3 Gosudarstvennyi arhiv Omskoi oblasti [*State Archive of the Omsk Region*]. F. 3. Op.12. D.17684. L.89 [in Russian]
- 4 Valikhanov Ch.Ch. Sobranie sochinenii v 5 tomakh [*Collected works in 5 volumes*]. Alma-Ata. 1985. T.4. 461 p. [in Russian]
- 5 Kopeiuly M.Zh. Shygarmalary [*Compositions*]. Pavlodar: EKO. 2013. T.6. 520 p. [in Kazakh]
- 6 Bronevskii S.B. O kazakhakh Srednei Ordy [*About the Kazakhs of the Middle Horde*]. Pavlodar: EKO. 2005. 168 p. [in Russian]
- 7 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F.338. Op.1. D.409. L.41 [in Russian]
- 8 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F.338. Op.1. D. 409. L.36 [in Russian]
- 9 Gosudarstvennyi arhiv Omskoi oblasti [*State Archive of the Omsk Region*]. F.3. Op.12. D.17684. L.92 [in Russian]
- 10 Potanin G.N. K charakterictike Sibiri. Literaturnoe naclectwo Sibiri [*On the characteristics of Siberia. Literary heritage of Siberia*]. Novosibirsk: Zapadno-Sibirskoe knizhnoe isdatel'ctwo .1986. T.7. 171 p. [in Russian]
- 11 Zhakcybaew M. Muca Schormanow - zarckij polkownik [*Musa Shormanov - tsarist colonel*]. Industrial'naya Karaganda. 1990. 18th November. P. 4-5 [in Russian]
- 12 Kracowekij M.I. Obras zhisni kasachow ctepných okrugow [*The way of life of the Kazakhs of the steppe districts*]. Pavlodar: EKO. 2005. 288 p. [in Russian]
- 13 Gosudarstvennyi arhiv Omskoi oblasti [*State Archive of the Omsk Region*]. F.3. Op.8. D.12769. L.62 [in Russian]
- 14 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F.345. Op.1. D.529. L.85 [in Russian]
- 15 Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F.338. Op.1. D.408. L.18-19 [in Russian]
- 16 Isabayev K. Zherimizdi korgagan, elimizdi eseitken batyr Shon bi [*Shon Bi is a hero who protected our land and raised our country*]. Saryarka samaly. 2002. 20th September. [in Kazakh]
- 17 Elemesov A. (Eds). Kazangap bi Satybaldyuly [*Kazangap bi Satybaldyuly*]. Pavlodar: Kereku. 2008. 173 p. [in Kazakh]
- 18 Insebaew T.A. Pavlodar uesi kazaktarynyn shezhiresi [*Genealogy of Kazakhs of Pavlodar region*]. PMU. 2005. 214 p. [in Kazakh]
- 19 Gosudarstvennyi arhiv Omskoi oblasti [*State Archive of the Omsk Region*]. F.3. Op.8. D.12769. L.3 [in Russian]
- 20 Adolf Januszkiewicz.(2010) Żywot Adolfa Januszkiewicza i jego listy ze stepów kirgizkich 1861. Kessinger Publishing, LLC. 582 p. [in Polish]
- 21 Ian W. Campbell. (2017) Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731-1917. Cornell University. 273 p. [in English]

Information about authors:

Ainur Kairullina – **corresponding author**, PhD student of L. Gumilyov Eurasian National University, senior lecturer of Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: ainur1984@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>

Ganizhamal Kushenova - candidate of Historical Sciences, Associate Professor of L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-0715-1107>

Информация об авторах:

Айнур Кайруллина – **основной автор**, PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, старший преподаватель Международного университета Астана, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: ainur1984@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>

Ганижамал Кушенова – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-0715-1107>

Авторлар туралы ақпарат:

Айнур Кайруллина – **негізгі автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты, Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ainur1984@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>

Ганижамал Кушенова – тарих ғылымының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-0715-1107>